



Автор: БИХАН БОЛАТ ЖАҚСЫБАЙҰЛЫ

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ғұндар

Тақырып: Ғұндардың Қазақстан территориясына қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсетеді
Дескрипторлары:	1.Деректермен жұмыс жасап, ғұндардың батысқа қарай жылжуы туралы мәлімет жинап кестені толтырады. 2.Ғұндардың батысқа жылжуының себебін анықтау үшін кем дегенде 2 сұрақ құрастырады. 3.Қазақстан территориясына қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді? сұрағына 2-6 дәлел келтіреді. 4.Ғұндар – қазақ халқының арғы атасы деген ойға қорытынды жасайды.
Тілдік мақсаттар	Сөз тіркестерімен жұмыс. Сөз тіркестерді қолданып, кем дегенде 5 сөйлемнен тұратын шағын оқиға құрастырады (жазылым дағдысы); Қажетті сөздер мен сөз тіркестері: тайпалық одақ мемлекет қоғам жауынгерлер егіншілер мен малшылар патша әскери демократия археология антропология шаньюй Ғұндардың қоғамдық құрылысын келесідей сипаттауға болады... Ғұндардың ұлы қоныс аударуы дүние жүзін өзгертті, біріншіден..., екіншіден..., үшіншіден... Ғұндардың әскери күші... Аттила келесідей қабілеттерімен ерекшеленді... Ғұндардың мәдени ескерткіштерінің ерекшеліктері келесіде... Ғұндар... Біздің анықтағанымыз... Қорытындысында... Біздің тобымыздың ойынша...
Құндылықтарды дарыту	Қазақстанның мәдениетін, Отанды, туған жерді сүйуге баулу, ата - бабамызды құрметтеуге тәрбиелеу. Өз елінің тарихи құндылықтарын құрметтеуге үйрету.
Пәнаралық байланыстар	Дүниежүзі тарихы. География.
АКТ қолдану дағдылары	Интерактивті тақта, презентация арқылы оқушылардың шығармашылық түрде жұмыс жасауына мүмкіндік ашылып, пәнге қызығушылығы артады. Мүмкін болған жағдайда интернет желісі арқылы деректер, ақпараттар, суреттер табу.
Бастапқы білім	Ғұндар мен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасындағы байланыс туралы біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (10мин.)	(Б) СУРЕТТЕР ЖИНАҒЫМЕН ЖҰМЫС: 5e1efbfaa3c90.png Image not found or type unknown 1.Суретте не көріп отырсыздар? 2.Бұл суретте кімдер ерекшеленіп тұр деп ойлайсыздар? 3.Бұл тайпалық одақтар туралы не білесіздер? 4.Тақырыпты болжап көріңіздер.... Болжамдарын негіздейді. Ықтимал жауаптар: Көпшілігі: Суретте темір дәуірін мекен еткен тайпалардың атаулары бейнеленген. Әртүрлі түстер арқылы олардың территориялары көрсетілуі мүмкін. Суреттің сол жақ шетінде (батыс бөлігінде) сақ тайпалары бейнеленген. Кейбірі: Менің ойымша сақтар бейнеленген аймақ Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігі, Жетісу болуы мүмкін. Картаның басым бөлігі Қазақстан территориясы болмағандықтан мүмкін көрші елдердің Қазақстанға әсері туралы шығар. (М) Оқушылар сабақтың тақырыбы, мақсаты және дескрипторлармен танысады.	
---------------------------	--	--

